

"Мақат аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесін "Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі етіп қайта атау туралы

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 4 тамыздағы № 115 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және 124-бабына, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі" Кодексінің 42-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрандыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңнаға сәйкес Мақат ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мақат аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атауы "Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі етіп қайта аталсын.

2. "Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

3. "Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) "Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекеменің Ережесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде қайта мемлекеттік тіркеуден өткізсін;

2) осы қаулыны Мақат ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы қаулыны ресми жарияладу және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына жолдасын;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қолдансын.

4. Мақат ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 95 "Мақат ауданы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесін "Мақат аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі етіп қайта атау туралы" және Мақат ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 19 сәуірдегі № 78 "Мақат аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы" қаулыларының күші жойылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Ермагамбетовке жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мақат ауданы әкімінің міндетін
уақытша аткарушы*

Б. Жайкин

Аудан әкімдігінің
2023 жылғы "04" тамыздағы
№ 115 қаулысымен бекітілген

"Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

Ескерту. Қосымша - жаңа редакцияда - Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 04.12.2024 № 230 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. "Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) өз функциясын жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің мындағы ведомстволары бар:

1) "Атырау облысы Мақат ауданының мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Мақат аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлери және атауы

мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бөліміге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Мақат аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс: 060600, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат кенті, Саламат Мұқашев көшесі, құрылыш 36.

10. Осы ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер бөлімге заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Бөлімнің мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаты:

Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік бағдарламалардың саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға, сондай-ақ аудандағы жұмыссыздық дейгейін төмендету, әлеуметтік әлсіз жіктеріне, мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау көрсетуге ықпал ету.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша, меншік және шаруашылық жүргізу нысанына қарамастан кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден кез-келген ақпарат есептер сұратуға, алуға және тексеруге;

- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша ұсыныстар енгізуге;
- өзіндік ақпараттық- анықтамалық бюллетеньдер, плакаттар буклеттер, әдістемелік материалдар шығаруға, жарнама тақталар жасақтауға құқылы.

2) міндеттері:

- жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау;
- басқа да мемлекеттік органдармен, аудан әкімі аппаратымен бірлесіп аудандық бағдарламаларды және ауданның әлеуметтік – экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеу және іске асыру;
- бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер жобасын әзірлеу және сараптау;
- халықтың еңбек етуге, мемлекеттік қолдау, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қызмет көрсетуде конституциялық құқықтарын және мұддесін іске асыру;
- әлеуметтік әріптестік жөніндегі жұмысты аудандық деңгейде ұйымдастыру;
- халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау мемлекеттік саясатын әзірлеу және іске асыруда жұмыс берушілер өкілдерінің, қызметкерлердің және қоғамдық ұйымдардың қатысуын қамтамасыз ету;
- қоғамдық ұйымдармен, қоғамдармен, соғыс және еңбек ардагерлері Кеңестерімен өзара байланыс жасау.

15. Функциялары:

- 1) әлеуметтік даму бағдарламаларымен мен халықтың өмір деңгейін көтеруге және халықты әлеуметтік қорғауға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;
- 2) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша орта мерзімді даму жоспар жобаларын әзірлеу және келісу;
- 3) халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін шараларды әзірлеу және іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметтерін үйлестіру және реттеу, олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру;
- 4) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру жөнінде жоғары тұрган органдарға ұсыныстар дайындау және енгізу;
- 5) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеуді ұйымдастыру;
- 6) жергілікті өкілді органдар қабылдаған нормативтік актілерге сәйкес әлеуметтік көмектерді тағайындауды және төлеуді ұйымдастыру;
- 7) тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу;
- 8) "Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу" мемлекеттік қызметін көрсету түрімен айналысады;
- 9) өнірлік жұмыспен қамту картасын және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру;
- 10) ұлттық жобалар, өнірлік жұмыспен қамту картасы шенберінде жұмыс орындарының құрылуын мониторингтеуді жүзеге асыру;
- 11) әлеуметтік әріптестік, әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі аудандық үш жақты комиссияның жұмысын үйлестіру;
- 12) аудан әкімі, аудандық қызметкерлер мен жұмыс берушілер бірлестіктері және кәсіподактар арасындағы аудандық үш жақты Келісімді және аудандық үш жақты

Келісімді іске асыру жөніндегі шараларды әзірлеу, келісу және аудандық үш жақты комиссияға бекітуге ұсыну;

13) аудандық үш жақты Келісімді іске асыру жөнінде қабылданған міндеттемелер мен шараларды іске асыру барысына мониторинг жүргізу;

14) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік жұмыскерлерді кесіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

15) тұрғындар үшін әлеуметтік әріптестік, әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі үш жақты комиссиялардың жұмысы туралы ақпараттық материалдар дайындау;

16) халықтың өмір деңгейін анықтайтын мінездемелер талдау;

17) мүгедектігі бар адамдарды оңалту жөніндегі аудандық бағдарламаларды әзірлеп, іске асыру;

18) халықтың арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктеріне талдау жүргізу;

19) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;

20) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

21) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

22) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету және қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;

23) мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды жеке бағдарламаға сәйкес санаторийлік-курорттық емдеуді қамтамасыз ету;

24) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;

25) жеке бағдарламаға сәйкес жүріп-тұруы қыын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз ету;

26) мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша әлеуметтік көмек шараларын ұсыну;

27) мүгедектігі бар адамдарды арнайы жүріп тұру құралдарымен, протездік-ортопедиялық, есту аппараттарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарды санаториялық-курорттық емдеумен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру;

28) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық ұйымдарына әлеуметтік бағдарламаларды шешуде консультативті көмектер көрсету және олардың қызметтерін үйлестіру;

29) семинарларға, кеңестерге, аудан тұрғындарымен кездесулерге талдау материалдарын, баяндамалар дайындау;

30) халықтың белгілі топтарының өмір деңгейін бағалау бойынша зерттеулер жүргізу (әлеуметтік карта);

31) ақпараттық әлеуметтік бағдарламаларды жолдау, кент, округтермен ақпараттық алмасуды қамтамасыз ету;

32) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі бағдарламалар базасын пайдалану тиімділігін қамтамасыз ету;

33) ақпараттық қызмет көрсету нарығының жұмыс жасауы үшін жағдай туғызу;

34) бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау үшін материалдар дайындау;

35) бөлімнің бюджеттік бағдарламаларының паспорттарын әзірлеу және аудан әкімдігіне бекітуге ұсыну;

36) бөлімде, мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығының және отбасын қолдау орталығының бухгалтерлік есепті, лимиттердің жұмсалуын, әкімшілік бағдарламалардың шығыстар сметаларының орындалуын, бухгалтерлік есептің бюджеттік сыныптамасының және дұрыс жүргізілуін ұйымдастыру және бақылау;

37) бөлімдегі қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

38) бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіпте азаматтардың, шаруашылық субъектілерінің өтініштерін, арыздарын және шағымдарын қарау және олар бойынша қажетті шаралар алу;

39) Отбасын қолдау орталығының жұмыстарын ұйымдастырады.

3. Бөлім басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөлімді басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Бөлім басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Бөлім басшысының өкілеттіктері:

1) өзінің қызметкерлерінің құзыреті мен міндеттерін анықтайды;

2) Заңнамаға сәйкес бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

3) Заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелесу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

4) шарттарға, бөлім актілеріне қол қояды;

5) аудан әкімдігінің қаулысымен бекітілген штат санының лимиті шегінде бөлімнің штаттық кестесін және бөлімнің ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекемелердің сәйкесті жылға арналған қаржыландыру жоспарын бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда, басқа да үйымдарда бөлімнің мұддесін білдіреді;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетке бағытталған шаралар қабылдайды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады.

Бөлімнің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

19. Бөлімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын басшысы басқарады.

4. Бөлімнің мүлкі

20. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай- ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта үйымдастыру және тарату

23. Бөлімді қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.